

**Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 тамыздағы № 17/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қыркүйекте № 3808 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 26.12.2014 № 29/10 (қол қойылған кейін күшіне және қолданысқа енеді) шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес Сандықтау аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т  
сессиясының төрағасы В.Миронов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
хатшысы С.Клюшников

КЕЛІСІЛДІ

Сандықтау ауданының әкімі Е.Сағдиев

Сандықтау аудандық мәслихатының  
2013 жылғы 26 тамыздағы

№ 17 / 2 ш е ш і м е н  
бекітілген

## **Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы**

Осы Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі - қағида) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес әзірленді және Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен Сандықтау ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға): жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға ;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына; жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 10.04.2014 № 23/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін

абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты е с е б і н е н к ө р с е т і л е д і .

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының , жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шекті жол берілген шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді.»;

**Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 10.04.2014 № 23/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің алаңынан кем емес.

Пешпен жылытылатын жеке меншік үйде тұратындарға тұрғын үй көмегі жылына бір рет көрсетіледі, осының өзінде қатты отынның нормасы бір рет есептеледі. Қатты отын шығыны, тұрғын жайдың әлеуметтік нормасына сәйкес 1 шаршы метрге жүз жиырма бес килограмм мөлшерінде есепке алынады, алайда отбасына жылына бес тоннадан аспауы керек.

Қатты отынның құнын есептеу үшін статистикалық деректерге сәйкес алдыңғы тоқсан бойынша қалыптасқан орташа баға есепке алынады.

4. Баллондық газбен қамтылғанда өтемақылық норма отбасына айына екі баллон (бір баллонның салмағы он килограммнан артық емес).

5. Электр энергиясының шығын нормасы бір адамға айына 100 (жүз) к и л о в а т т а н б е л г і л е н с і н .

6. Суды шығындау нормасы отбасының әр мүшесіне айына 2,5 куб метрден артық емес болып белгіленсін.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган болып «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды.

## **2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу**

8. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берілген күнге байланысты емес, ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, бұл жағдайда отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

9. Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде, «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеулер жүргізеді.

10. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесі немесе жалдаушының (қосымша жалдаушының) келесі құжаттары қоса берілген өтініші негізінде тағайындалады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған есеп-шоттар;
- 6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшерлері туралы шоттар;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқару орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 10.04.2014 № 23/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. Тұрғын үй көмегін тағайындаудан бас тарту туралы шешімді «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі жағдайда шығарады:

- 1) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік

төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шекті жол берілген отбасының осы мақсаттарға белгілеген 15 пайыз шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінен аспайтын  
б о л с а ;

2) сенімді емес мәліметтер беріледі.

3) отбасының (азаматтың) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үй (пәтер, үй-жай) немесе жалға берген (қосымша жалға берген) тұрғын үйлері болса ;

4) отбасының еңбекке жарамды жастағы мүшелері жұмыс істемесе, күндізгі оқу бөлімінде оқымаса, әскерде қызмет етпесе және жұмыссыз ретінде «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде тіркелмесе (бөгде біреудің күтіміне мұқтаж тұлғалардың күтімімен айналысатын азаматтардан басқа).

12. Өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі он күнтізбелік күн ішінде қарастырып тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді шығарады.

13. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы немесе бас тарту туралы хабарлама «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгінген кезде тікелей өзі баруы немесе пошталық хабарлама арқылы жүзеге асырылады.

14. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне күдік туындаған жағдайда, «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тексеріс жүргізуге өкілетті органдарға жібереді. «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегінің тағайындалуына әкелген әдейі жалған мәліметтер берілсе, заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жалға алушы) өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда, сот арқылы қайтарылады.

15. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеу «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен екінші деңгейдегі банкттер арқылы немесе пошта байланыс бөлімшелері арқылы өтініш берушілердің жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырады.

### **3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу**

16. «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» Бұйрығы негізінде есептейді.